

ҒТАМР 13.07.25

РУХАНИ МӘДЕНИЕТТІҢ СИМВОЛДЫҚ МӘНІ

Д.Г. ОРЫНБАЕВА

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Рухани мәдениет – кез келген ұлтты өзгелерден ерекшелеп тұратын басты құндылықтардың бірі. Этностың тұрмыс-тіршілігінен, шаруашылығынан, дүниетанымынан, салт-дәстүрінен хабар беретін мәдениеттің қай түрі болмасын тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отыратыны белгілі. Өн бойына ұлт туралы сан алуан ақпаратты жинақтап, құлыптайтын (кодтайтын) сөздер – символдар. Символ-сөздер арқылы мәдениеттің мәнін ұғуға болады. Рухани мәдениеттің бір бөлігі ұрпақ тәрбиесі болса, әр ұлттың бала тәрбиелеуде өзіндік ерекшеліктері, ғасырлар бойы қалыптасқан нормалары бар. Кез келген салт, ғұрып қағидаға (нормаға) айналуы үшін ол ұлттың тілінде ұзақ жылдар сақталып, өмір сүру тиіс. Мақалада мәдениет пен тілдің, мәдениет пен символдың арақатынасы туралы сөз болады. Осыған орай, қазақ халқының рухани мәдениетінің айнасы болып табылатын ұрпақ тәрбиесінің символдық мәні айқындалды.

Кілт сөздер: тіл, мәдениет, рухани мәдениет, ұлт, символ, ұлттық таным.

Аннотация. Духовная культура является одной из главных ценностей, которая отличает любую нацию от других. Известно, что любая культура, отражающая жизнь, экономику, мировоззрение, обычаи и традиции этноса, передается из поколения в поколение через язык. Символы - это слова, которые собирают и блокируют (кодируют) различную информацию о нации по всему миру. Смысл культуры можно понять с помощью символов. В то время как частью духовной культуры является воспитание детей, у каждой нации есть свои особенности воспитания детей, нормы, которые формировались веками. Чтобы любая традиция стала нормой, она должна сохраняться и жить на языке народа долгие годы. В статье рассматриваются отношения между культурой и языком, культурой и символом. В связи с этим было выявлено символическое значение воспитания, являющегося зеркалом духовной культуры казахского народа.

Ключевые слова: язык, культура, духовная культура, нация, символ, национальная идентичность.

Abstract. Spiritual culture is one of the main values that distinguishes any nation from others. It is known that any culture that reflects life, the economy, worldview, customs and traditions of an ethnic group is transmitted from generation to generation through language. Symbols are words that collect and block (encode) various information about a nation around the world. The meaning of culture can be understood with the help of symbols. While the upbringing of children is a part of spiritual culture, each nation has its own peculiarities of raising children, norms that have been formed over centuries. For any tradition to become the norm, it must be preserved and live in the language of the people for many years. The article discusses the relationship between culture and language, culture and symbol. In this regard, the symbolic significance of education was revealed, which is a mirror of the spiritual culture of the Kazakh people.

Key words: language, culture, spiritual culture, nation, symbol, national identity.

Кіріспе. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың

маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» [1, 2], - деген болатын. Кез келген ұлттың рухани тамыры – оның дәуірлер бойы қалыптасқан мәдениетінде. Себебі мәдениет – адамзаттың адам болуынан бастап, оның бүкіл рухани ізденісі, шығармашылығы, тәжірибесі жинақталған мыңдаған жылдардың жемісі. Бұл орайда Н.В. Гончаренконың мына бір пікірін келтіруге болады: «Культура – величайшее завоевание человеческого гения, неувядаемая летопись его высочайших достижений и блестящих побед над стихиями природы, над дикостью, невежеством, злом над самим собой, над силами реакции и тьми, побед, которыми он вправе гордиться» [2,14] (Гончаренко В., 14б.)

Негізгі бөлім. Қандай да бір ұлт туралы, оның тарихы туралы сөз қозғалса, мәдениетіне тоқталмай кету мүмкін емес. Әр ұлттың, әр этностың даму тарихы – оның мәдениетімен қатар жүріп отыратын процесс. Ұлттың өзіндік ерекшеліктерінің, салт-дәстүрі мен тілінің, өмір сүру формасының қалыптасуы да осы мәдениетке тікелей байланысты. Себебі: "Мәдениет – халықтың мыңдаған жылдар бойындағы шығармашылығы, онда қауым мен жеке адамның рухани ізденісі, халықтың даналығы мен адамгершілік нышандары жинақталады"[3,5].

«Жан қалауы» мен «тән қалауының» қатар дамып отыруы ғасырлар шенінде ұлттық мәдениетті қалыптастырады. Ұлттық мәдениет адами құндылықтардың пайда болуына, халықтың санасына сіңіп, қағидаға айналуына әкеледі. Бұл туралы мәдениеттанушы ғалым Т.Ғабитов: «Мәдениет – жеке адам мен бүкіл қоғамды, адамның бақыты мен болашағы жолындағы құндылықтарды дамыту арқылы адамзат баласын жан-жақты жетілдіру болып табылады» [4,32], - деп мәдениеттің жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытудағы рөліне мән береді. Ата-бабаларымыздан мұра боп қалған рухани және материалдық құндылықтарымыз өз заманының мәдениетінен хабар беретіні белгілі. Ғалымның пікіріне сүйенсек, құндылықтар мәдениетті емес, мәдениет құндылықтарды қалыптастырады. Бұл пікірге ғалым Ә.Т.Қайдардың: «Мәдениет – жеке адамның басына тән қасиеттерден басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым» [5,25], - деген тұжырымы дәлел бола алады.

Зерттеу әдістері. Жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі «мәдениет ұғымы тіл арқылы тарайды, ұғынылады, жетіледі. Қай ұлт болмасын, сыры – тілінде, оның түп тамыры этностың мың-мыңдаған жылдар жүріп өткен тарихи жолымен, күнделікті тұрмыс-

тіршілігінде қолымен, ақыл-ой, санасымен жасаған мәдениетімен, дүниетанымымен сабақтасып жатыр» [5,5].

Қазақ халқының көшпелі өмір сүру салты, шаруашылығы мен қоршаған ортаны, дүниені тануы киіз үй, шаңырақ, ұлттық киім, ыдыс-аяқ т.б. сынды материалдық мәдениеттен көрініс тапса, адамдық құндылықтары, тәлім-тәрбиесі рухани мәдениеті арқылы аңғарылады. Рухани мәдениет – адамның, өзіне және басқа адамдарға, дүниеге қатысын реттейтін дәстүрлер мен құндылықтардың жиынтығы [4,28]. Рухани мәдениет тіркесінің өзегін «рух» және «мәдениет» деген екі бөлік құрайды. Рух – адамның немесе тұтас ұлттың ерекшелігін танытатын ұғым. Осыған байланысты қазақта *рухы мықты – ержүрек, қайсар, батыл; рухтандырды – жігерлендірді; рухың сынбасын – жігерің жанылмасын; рухани бай – жан-дүниесі таза, көкірек көзі ашық; рух беру – күш беру т.б.* сынды ұғымдар қалыптасқан. Рух – ұлттың өзегі. М. Мағауиннің «Қасқыр-Бөрі» әңгімесінде бұл ой былайша беріледі: «... Рас, арыстан – сес пен күш, жолбарыс – еп пен куат, бірақ шене, құрт – жүрек пен рух. Қайтпас ерлік. Әрі тылсым пыс... Мың жыл өтті. Шене мен құрт орнына бөрі келді. Одан көп ештеңе өзгере қоймады – жүрек пен рух әуелгі қалпында қалған. Ерлік аса түсті. Пыс баса түсті...». Қазақ халқының танымында көкбөрі мифтік бейнесі ерекше орын алады. Ол – бүтіл түркі жұртының бастауы, ата тегі іспетті. Ал мына үзіндіде түркі халықтары көкбөріден де ары, шене мен құрт кезінде-ақ жүректі, рухты ел болғаны айтылады. Автордың пайымдауынша ұлттың ұлт болып қалыптасуының түп негізі – жүрек пен рух. Демек, этностың мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, құндылықтары, танымы – бәрі рухтан басталады.

Рухани мәдениет арқылы сол ұлттың жанын тануға болады. Оны танытатын құрал – тіл. В.фон Гумбольдт рухани және материалдық мәдениеттің ұлттық сипаты тек жанды тілде ғана көрініс беретінін, тілдік белгіге ішкі форманың тән екендігі және тілдің адам мен қоршаған орта арасын байланыстырушы дәнекер қызметінің зор екендігін төмендегіше тұжырымдады: «Язык народа есть его дух и дух народа есть его язык, и трудно представить себе, что-либо без него более тождественное» [6,34].

Американдық ғалым Э.Сепир әр халықтың танымдық ерекшелігі тек тілінің табиғатынан танылатынын көрсетті: "Тіл – әлеуметтік шындықты түсінудің негізгі құралы, күнделікті өмір мен дүниетану амалдары субъектілердің қай тілде ойлауына байланысты. Тіл – мінез-құлық нормасын көрсетуші құрал; Халықтың мәдени дәрежесін оның тілін зерттемей тұрып түсіну мүмкін емес"[7, 102].

Әр мәдениетте дүние, қоршаған ортаға деген сан қилы көзқарас, түсінік қалыптасады. Себебі, әр мәдениет заманына, діліне, моральдік нормаларына қарай адамға,

өмір-өлімге, адамның іс-әрекетіне, сұлулыққа тағы да басқа әр халықтың басында бар негізгі құндылықтарға байланысты өзінің көзқарас жүйесін қалыптастырады. Міне, осы көзқарастың көрінетін, таралатын, сақталатын құралы – тіл. Мұны А.Байтұрсынұы: "тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі", - деп жазды [8,9].

Нәтижелер. Баланың дүниеге келген сәтінде айтылатын бесік жыры, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаштар, шілдеханада айтылатын тілектер, үйлену тойына қатысты тойбастар жыры, беташар, жар-жар т.б. мәдени мұраларымыздың барлығы да тіл арқылы көрініс тауып, тіл арқылы келесі ұрпаққа жетіп, белгілі нормаға, дәстүрге айналған. Сол сияқты салт-дәстүрлердің атаулары да, мысалы: бесік құда, сырға салу, атастыру, әменгерлік, бел құда т.б. тілдік бірліктер арқылы халық жадында сақталған. Сонымен қатар, бала тәрбиесінде, ұлт мәдениетінде ерекше рөл атқаратын ырым-тыйымдар, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер де белгілі дәрежеде этнос болмысының тілдік және ұлттық ерекшеліктерін, рухани-мәдени нормаларын танытады. Тіпті, қазақ халқының *Ассалаумағалейкүм* деп амандасуынан бастап, мал-жанның амандығын сұрауы, коммуникацияға түсуші екі адамның туыстық, жас немесе жыныс ерекшеліктеріне қарай қатынас түрінің өзгеруі, мысалы, нағашы мен жиеннің қалжындаса сөйлесуі, ене мен келіннің арасындағы дискурста сыйластықтың көрініс табуы, келіннің сәлем салуы, әке мен баланың сөйлесіміндегі ізеттіліктің сақталуы т.б. тіл мен мәдениеттің, тіл мен норманың ара-қатынасын айқындай түседі. *«Әке тұрып ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без»* деген мақалдан ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас мәдениеті көрінсе, *«Сіз, біз деген жылы сөз, ағайынға жарасар»* және *«ағайын тату болса – ат көп, абысын тату болса – ас көп»* деген мақалдардан қазақтың дәстүрлі мәдениетінде ағайын-туыстың да алар орны ерекше екені көрінеді.

Әдебиет – адамды тану құралы болса, сол адам арқылы оның ұлтын да тануға болады. Кез келген ұлттың дүниетанымы, құндылықтары, тәлім-тәрбиесі, өмір сүру қағидаттары т.б. оның тілінде, әдебиетінде сақталған. Халық ауыз әдебиеті мен ақын-жазушылардың өлең-жырлары арқылы қазақ халқының рухани мәдениетін тануға болады. Мұндай ерекше мазмұнды, көлемді мәтіндерді қысқа да нұсқа түрде сақтап жеткізе білу қасиеті символда сақталған. Яғни символға біздің көзқарасымыз мәдениет шегінде қаралады. Бұл көзқарас бойынша символ кез келген мәдениетке тән құбылысқа жатады. Символ әртүрлі мәдениет контекстінде кодтала отырып, оларда әртүрлі мәнге ие болады. Біздің түсінігімізде символ өз мазмұнымен (мәдени хабарды беретін) сәйкес келеді. Мәдениет – бір жағынан – ұрпақтан-ұрпаққа жеткен мәтіндер болса, екінші жағынан – ұрпақтан-ұрпаққа жеткен символдар. Ю.М.Лотман символдың мәдениеттегі қызметін көрсете келе, «символ – мәдениет ескерткіші» деген баға береді.

Адамның күнделікті өмірі оған әсер ететін және бір нәрсені есіне түсіретін, іс-әрекет етуге болатынын немесе болмайтынын көрсететін символдарға толы. Осы тұрғыда сөздің символдық қуатын түсіну үшін адам өмір бойына еңбектенеді. Ол үшін адамға ерекше жан дүние, рухани қазына керек. Біз қазақ халқының адамгершілік, адамдық қағидаттарына айналған негізгі ұғымдардың символдық мәніне тоқталып көрмекпіз.

Талқылау. Адамның басты мақсаты – өз ұлтының, өз жерінің мәдени ұстанымдарына сүйене отырып, өз бойындағы қасиеттерді дәйекті де тұғырлы етіп тәрбиелеп, жүзеге асыру. Яғни мәдениет – өмірдің тиянақтылығын, тұрақтылығын, дәйектілігін, мәнділігін, табандылығын қамтамасыз ететін үлкен институт. Мәдениеттің негізгі қайнар көзі, өзегі – салт-дәстүр, әдет-ғұрып. Ал қазақ мәдениетін әдептілік құндылықтардан тыс талдау мүмкін емес. Егер Батыста – рационалды ғылым, Шығыста – жантану өрістесе, қазақ сахарасында «адам болу» ұстанымы алдағы қатарда болған. Сол секілді дана халқымыздан «Адам әдебімен көрікті» деген сөздің қалуы да тегін емес. Демек, ұлттық мәдениет және руханиятымыздың негізгі көзіне адами ізгіліктер мен әдептілік белгілері кіреді. Әсіресе, қазақ ұлтының мәдени өміріндегі мұсылмандар дүниетанымына жататын әдептілікті жіктейтін болсақ, оның ең бірінші қозғаушы күші деп адам ұғымын ала аламыз. Адамға келсек, ол құдіреті күшті жаратушының ықпалымен дүниеге келген жанды жаратылыс. Барлық адамзаттың түп тамыры. Сондықтан ол кез келген елдің пәлсапасында тектілік ұғымымен түсіндірілетін сипатқа ие. Алла тағала адамды топырақтан жаратқан және оған өзіндік мән мен жан берген. Күшті адам ол – рухани бай адам.

Ғалым С. Темірбековтің пікірінше рухани мәдениетке, ең алдымен, адамгершілік құндылықтары жатады. Зерттеушінің пайымдауынша, ар-намыс, парасаттылық, адамгершілік, кешірімділік және тәуелсіздікке, еркіндікке, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылыс, өзін-өзі бағалау сияқты құндылықтар жинағы – халықтың рухани мәдениетінің негізі, іргетасы. Ғалым: «Мәдениеттің қалыптасу кезеңі адамның адам болуынан, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қажет қарапайым норма, ереже, тыйым, бұйрықтардан басталады, ал рухани мәдениетке жатқызатын әдебиет, өнер, дін, бұқаралық ақпарат құралдары т.б. кейінгі уақыттың жетістігі»[9, 64], - деп жазады.

Бұл туралы ұлы ақын Абай да:

Адам боп келдім өмірге,

Адам боп қалу – арманым... – деп, адами қасиеттерді, моральдық құндылықтарды бірінші орынға қояды.

Қазақ өзінің шын ниетін, ізгі тілегін, өмірден түйген өсиетін бір ғана «адам бол» деген сөзге сыйғызған. Осы «адам бол» тіркесінде тұтас бір ұлттың танымы мен көзқарасы

жатыр. Адам болу деген сөз адамгершілік кредоларының бәрін сақтау, кеудесінде жаны бар тіршілік иесінен әлдеқайда жоғары болу дегенді білдіреді. Қазақ үшін ең басты адамгершілік қағидаттары: ар мен ұят, намыс.

Ар, намыс – адамдықтың символдары. «Ақылың болса, арыңды сақта», «Мал сақтама, ар сақта», «Үлкен пышақ ұялғанынан өтеді», «Атты қамшы айдайды, ерді намыс айдайды», «Қайталаған дерт жаман, қайта бұзған серт жаман», «Жігітке жар қымбат, намыс пен ар қымбат», «Ерді намыс өлтірер, қоянды қамыс өлтірер», «Жігіттің құны жүз жылқы, ары мың жылқы», «Әдепті бала – арлы бала», т.б. мақал-мәтелдер осыны айғақтайды. «Пайда ойлама, ар ойла» деген Абай сөзі де бұған дәлел. Сонымен қатар, кезінде қазақтың адамгершілік-этикалық кредосы болған "малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы" формуласы бар. Яғни, "құндылықтық тұрғыдан адамға не қымбат?" дегенге қазақ былайша баға берген:

1-орын - ар (намыс, ұят, адамгершілік - яғни, мораль "өлімнен ұят күшті")

2-орын - жан (өмір, тіршілік)

3-орын - мал (дүние, байлық, ақша, мүлік).

Бұл туралы Абай өзінің «толық адам» ілімінде «үш сүю», «үш негіз», «бес қасиет» ұғымдарын ұсынады:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

Және де Хақ жолы деп әділетті, - деп, жаратушы Алланы мадақтауға, бар адамзатты сүюге, әділет жолымен жүруге шақырса, «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек» өлеңінде:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден ерек, - деп адам бойында табылуы тиіс үш негізді атайды. Ал «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде:

Адам болам десеңіз:

Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол, - деп, талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым қасиеттерін «адам болудың» кредосы деп ұсынады. Демек, қазақ ұлты үшін Тәңірді сүю, ар-намысты, ұятты сақтау, еңбек ету, әділетті болу – адамдықтың негізгі баспалдақтары. Бұл ой сонау көне түркі дәуіріндегі «Күлтегін» жырында: «Халқым аман болсын деп, күндіз отырмадым, түнде ұйықтамадым» деген жолдарда байқалса, Ислам дәуірінде өмір сүрген Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы төрт кейіпкердің: Күнтолды – әділет, Айтолды – ақыл-ой, Өдгүрміш – қанағат, Одғұрмыш – байлық бейнесі арқылы да көрініс тапқан. Демек әр халықтың, тайпаның тілінде сақталған ауыз әдебиеті, рухани жәдігерлері

арқылы сол ұлттың ой-санасынан, танымынан хабар алуға болады. Оның дүниетанымын, көзқарасын анықтай аламыз.

«Тәрбие тал бесіктен басталады» дейтін қазақ үшін ұл мен қыз тәрбиесінің орны бөлек. «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «Әке тұрып ұл сөйлегеннен, ана тұрып қыз сөйлегеннен без», «Әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмас», «Анасын көріп қызын ал», «Қызға қырық үйден тыйым» деп, нәресте кезінен-ақ балаға тәрбиені сіңіруден жалықпаған. Бала тәрбиелеуде қазақтың негізгі сүйенген үш ұстанымы: обал болады, ұят болады, жаман болады. Болашақ «толық адамды» осы үш-ақ ауыз сөзбен тәрбиелей білген қазақ – дана халық. Ұлт тілінде бүгінге дейін сақталып қалған осы үш ауыз сөз символдық мәнге ие.

Обал – қиянат жасамау дегенді білдіреді. Өзгелерге зиянын тигізбеу. «Обал» сөзі қазақ тіліне Ислам діні арқылы келген. «Хашр» сүресінің 15 аятында «Олар істеген істерінің обалын тартады» деген сөз бар. Бір аудармада «жазасын» делініп жүр. Бұған қарасақ «обал» «күнә, жаза» деген болып шығады. Бірақ қазақтың «обалының» мағынасы әлдеқайда терең. Қазақта бұл сөз – ар-ұят, иман кодексі! «Обал болды, обалына қалды, обалына қалма» деген ұғымның бәрінің мәні де, түбі де тұңғыық. Ал, арабтардың өзінде «обал» сөзі тым көп қолданылады: бір нәрсенің күшейтілуі, жинақталуы, тіпті төпелеген ақ жауын да обал деп аталады. Сондықтан болар олардың түйсігінде бұл сөз қазақ ұғымына шендесе алмайды. Сүт төгілсе - обал, нан қоқымы шашылса - обал, біреудің ала жібін аттау – обал, өзгенің хақысын жеу – обал, көкті жүлсаң - обал, баланың қарны тоймай қалса - обал, жүйрік ат аяқтан қалса - обал... Қазақ баласы осы «обалмен» тәрбиеленеді. Бұл аса биік мистикалық-психологиялық күй. Киесі бар, ерік-жігерінді уыста ұстататын ұғым! Оны білген жан адамгершіліктен аттамайды. Түсіндіру қиын. Мұндай сана діни-рухани ғұламалықтың шыңына жеткен ұлтқа ғана тән болса керек.

Ұят – имандылықтың, көркем мінездің символы. Қазақ халқы «өлімнен ұят күшті» деп бұл ұғымды жанынан артық көретінін жеткізген. Ұятты болу, ұят болады деп белгілі бір жайттардан, сөздерден өзіңді тежеу – нағыз имандылық пен әдептіліктің, адамдықтың белгісі болса керек. «Ұялғаннан жерге кіріп кете жаздау» фразеологизмінде де ұяттың адам еркінен тыс тылсым күш екенін байқауға болады. Қазақтың кеменгер жазушысы Ғабит Мүсірепов: «Қазақта ар-ұят ең жоғары саналады», - десе, хакім Абай Құнанбайұлы: «Әділеттілік, арлылық пен махаббат – қабірден әрі өткендегі үш жолдасың осылар», - деп, 26-қарасөзінде: *«Енді осылардан білсеңіз болады: надан ел қуанбас нәрсеге қуанады, һәм және қуанғанда не айтып, не қойғанын, не қылғанын өзі білмей, есі шығып, бір түрлі мастыққа кез болып кетеді. Һәм ұялғандары ұялмас нәрседен ұялады, ұяларлық нәрседен*

ұялмайды. *Мұның бәрі - надандық, ақымақтықтың әсері*», - деп ұятсыздықты надандыққа балайды. «Баланың ұяты - әкеге, қыз ұяты – шешеге», «Өзіне келер ұятты өзі біліп тұрса игі», «Ұят қымбат, ар қымбат, Жаның сүйген жар қымбат», «Ұялған тек тұрмас», «Ерді - намыс өлтірер, қоянды - қамыс өлтірер» т.б. мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер де қазақ халқының бала тәрбиесінде ұят сөзіне баса мән бергенін білдіреді. Жұбан Молдағалиев «Ар-ұят туралы» өлеңінде:

- Ол ұят, - деді сол қазақ қарт,

- Өлсең де ожданнан безінбе!..., - деп ар-ожданның адамдық қағидаттарының ішіндегі ең маңыздыларының бірі екенін көрсетсе,

Әйтеуір шал сөзі жөн еді,

Ақ атта дегені ағат па?

Иә, адам тірідей өледі,

Ұяттан айырылған сағатта! – деп қазақ танымында ұятты сезінуден қалған адам адам болудан да қалатынын айтады.

Тұжырым. Ұл мен қыз тәрбиесін ұлт тәрбиесі деп білген қазақ халқы үшін баласының арлы, иманды, намысты болуы ең басты орында. Ұрпақ тәрбиесін тал бесіктен бастап, жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңіріп, нағыз адам қалыптастыруға тек әке мен ана емес, бүкіл ел болып атсалысқан. Осы ұлттық тәрбие ғасырлар бойы атадан балаға мәдениет ескерткішіне айналған ұлттық код – символдар арқылы жетуде. Мақалада талданған обал, ұят, ар сөздерінің символдық мәні қазақ халқының рухани мәдениетінен хабар беріп қана қоймай, ұлт ретінде ерекшелігін танытатын нормаға айналған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. // www.akorda.kz. – сайтта жарияланған мақала
2. Гончаренко Н. Духовная культура: Источники и движущие силы прогресса. – Киев, 1980. – 385стр. - кітап
3. Атабаева М. Қазақ тілі диалектілік лексикасының этнолингвистикалық негізі. – Алматы: «Білім», 2006 ж, - 288 бет. - Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация
4. Ғабитов Т. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. – Алматы: Раритет, 2013. – 400 б. – кітап
5. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 бет. – кітап
6. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию.– М.: «Прогресс», 2000. – 400 с. – кітап
7. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – М.: Наследие, 1993. – 656 с. - кітап

8. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы, 1т. Алматы, 2013. – 384б. - кітап
9. С. Темірбеков. Ұлттық мәдениет дамуының заманауи мәселелері. – Алматы, 2011ж. – кітап